Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында заманауи тиімді мемлекет, азаматтардың құқығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қарқынды дамыған және инклюзивті экономика, әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі, қуатты өңір – қуатты ел деп аталатын 5 басым бағытты қамти отырып, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының алғышарттарын айқындап берді.

Сонымен қатар, Президент Жолдауында мемлекеттік қызметтердің сапалы көрсетілуіне де баса назар аударды. Себебі, халыққа сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз ету – мемлекеттік органдар жұмысының аса маңызды бағыттарының бірі. Қызметтерді алу барысында азаматтар мемлекеттік аппараттың жұмысы туралы белгілі бір ойға келеді.

Ал халықтың мемлекетке деген сенімі еліміздің өркендеуі жолында бірлесіп жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету деңгейінің жақсаруы ел экономикасының және әлеуметтік дамуының көрсеткіші.

Расында, мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы – мемлекеттік органдардың жұмысын бағалаудың басты өлшемі болып табылады. Мемлекеттік қызмет көрсету барлық саланы қамтитындығы, соның ішінде азамат дүниеге келген кезден бастап барлық өмір сүру кезеңінде мемлекеттік қызмет көрсету бойынша мемлекетпен тығыз байланыста болатындығы белгілі.

Мемлекеттік қызметтің сапасын, қолжетімділік деңгейін жақсартуда тұрғындардың арыз-шағымдарын, ұсыныстарын және сын-пікірлерін ескерудің маңызы өте зор. Осы бағытта Агенттікпен «Digital agent» (Цифрлық агент) мобильді қосымшасы іске қосылған болатын. Мобильді қосымша арқылы кез келген қызмет алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің сапасына баға беріп, өз өтініштері мен ұсыныстарын қалдыра алады.

Бүгінгі таңда қызмет алушылар Халыққа қызмет көрсету орталықтарының, қала және аудандық мемлекеттік кірістер басқармаларының, еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің департаментімен, сондай-ақ, халықты жұмыспен қамту орталықтарымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын бағалай алады.

Қазіргі уақытта мобильді қосымшаға жергілікті атқарушы органдар мен денсаулық сақтау мекемелерін тіркеу жүргізілуде.

Мемлекеттік қызметтер сапасына бүгінгі таңда мобильді қосымша арқылы 2753 бағалау түсті, оның 2557-сі (93%) оң, ал 196-сы (7%) жағымсыз бағалар. Барлық жағымсыз өтініштер толық қарастырылып, уақытылы өңделіп, олар бойынша оң шешімдер қабылданды. Жағымсыз пікірлердің басым көпшілігі Мемлекеттік корпорация филиалдарының қызметіне, оның ішінде ұзақ кезекке, қызметкерлердің біліктілігіне және т.б. қатысты түседі.

Сонымен қатар, Департамент бастамасымен тұрғындардың мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді электронды нысанда алуын қамтамасыз ету мақсатында барлық мемлекеттік органдарда, медициналық мекемелерде, мектептерде, балабақшаларда, колледждерде, жоғарғы оқу орындарында, кітапханаларда және т.б. жерлерде «өз-өзіне қызмет көрсету бұрыштары» ұйымдастырылған болатын.

«Өз өзіне қызмет көрсету бұрышы» арқылы мемлекеттік, азаматтық және т.б. қызметшілер электронды үкімет порталы арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді Мемкорпорацияға бармай-ақ, уақытты үнемдеп, электронды түрде қызмет алуға.

Еліміз Тәуелсіздік алғаннан бергі жылдар ішінде қоғам дамуының барлық саласында түбегейлі өзгерістер болды. Соның ішінде, мемлекеттік органдардың тиімді жүйесі мен құрылымы жасалып, мемлекетті басқарудың ұтымды үлгісі іске қосылды. Қазіргі таңда заман талабына сай мемлекеттік қызмет түрлеріне қолжетімділікті арттыруға бағытталған игі бастамалар жүзеге асырылуда.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы – мемлекеттік қызметшілер жұмысы тиімділігінің басты көрсеткіші болатынын және ол мемлекеттік тұтынушы ретінде халыққа тікелей бағдарлануы тиістілігін айқындап берді.

Г.МЕДЕУОВА,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің бас маманы

Встретился с фермерами

Первый вице-министр сельского хозяйства РК Айдарбек Сапаров встретился с фермерами Карагандинской области.

В ходе совещания по развитию агропромышленного комплекса они поделились своими предложениями по улучшению сельскохозяйственной отрасли в регионе.

Больше всего аграриев волнует вопрос субсидирования. В минувшем году на госдотации выделили беспрецедентную сумму.

- В прошлом году для наших сельчан было изыскано около 21 миллиарда тенге, что в 1,5 раза больше, чем в 2018-м. Закрыли задолженности по субсидиям в растениеводстве и животноводстве, - сказал аким Карагандинской области Женис Касымбек.

Чтобы помочь фермерам и увеличить объёмы отечественного производства, в систему субсидирования вносятся поправки. О том, какие изменения ждут сельхозпроизводителей, рассказал Айдарбек Сапаров.

- Новым подходом в субсидировании будет финансирование, исходя из трёхлетнего бюджета. Это даст возможность

подавать заявки на субсидии, не ограничиваясь бюджетом одного года. По определённым критериям может быть увеличен размер дотаций и за счёт областного бюджета. Также в планах создание электронного реестра заявок. Их рассмотрение затянется из-за необходимости выезда специалиста из областного центра в крестьянское хозяйство. Поэтому мы решили открыть пункты приёма заявлений в районных и городских акиматах, - отметил он.

Из запланированных на этот год 490 миллионов тенге субсидий фермерам уже выплатили 483 миллиона.

Аграрии попросили первого вице-министра об увеличении

госдотаций в обрабатывающую промышленность.

- На сегодняшний день импортная продукция по-прежнему дешевле нашей. У нас, напротив, увеличилась себестоимость из-за высокой закупочной цены сырья. Если нам не удастся снизить стоимость, мы можем стать неконкурентоспособными. Мы предлагаем субсидировать поставку говядины на перерабатывающие предприятия. Это позволит стабилизировать цену на сырьё и снизить себестоимость нашей продукции, - сказал директор ТОО «Апрель Кулагер» Александр Волленберг.

Айдарбек Сапаров пообещал передать все предложения правительству и принять меры для поддержки отечественных производителей.

Первый вице-министр обратил внимание и на проблему нехватки удобрений. В Карагандинской области этот вопрос уже решают. Площадь удобряемых земель планируют увеличить до 100 тысяч гектаров. Больше станет и орошаемых земель - до 1000 гектаров. Дополнительные системы полива установят в Осакаровском, Нуринском, Абайском и Бухар-Жырауском районах.

karaganda-region.gov.kz

Паводковая обстановка на ежедневном контроле

Обилие снега в Карагандинской области весной может обернуться большой водой, поэтому на территории района активно идёт подготовка к предстоящему паводковому периоду. Обычно в карагандинском регионе активная фаза паводка начинается в первой декаде марта.

В области реализуется дорожная карта «Комплекс мер по предупреждению и устранению паводковых угроз на 2017-2020 годы» и областной план инженерных работ.

Из 71 мероприятия дорожной карты в 2017-2019 годах реализовано 69, из них 13 - по возведению защитных валов, 54 - по устройству водопропускных труб и два по санации русел рек в том числе р.Сокур.



Прохождение паводка во многом будет зависеть не только от погодных условий, а от степени подготовки водных объектов, слаженной работы всех органов государственного управления, сил и средств системы гражданской защиты и наличия резервов материальных средств, а так же подготовленности населения.

Работы по подготовке к паводковому периоду ведутся в усиленном режиме. Основными задачами на данный момент являются вывоз снега из населённых пунктов, а также очистка водопропускных со-

оружий на дорогах района.

Также ведутся санитарные сбросы воды с основных водохранилищ района. До начала паводкового периода их объёмы будут доведены до минимальных уровней. В ближайшее время планируются работы по подрыву льда на русле р.Нура в предполагаемых местах затора льда.

Созданы достаточные запасы материальных ресурсов, заготовлено необходимое количество материально-технических средств (ГСМ, продовольствие, инертный материал, мешкотара и др.).

Система оповещения в паводкоопасных зонах находится в постоянной готовности.

На случай эвакуации населения из районов возможного затопления подготовлены пункты приёма эвакуируемого населения. Для жизнеобеспечения эвакуируемого населения подготовлены необходимые средства (палатки, кровати). Созданы запасы продуктов питания и питьевой воды, заключены договоры с индивидуальными предпринимателями на поставку продуктов питания и закреплена техника для перевозки людей в места эвакуации. Паводковая обстановка находится на ежедневном контроле.

С 15 марта противопаводковый штаб Департамента по ЧС Карагандинской области переводится на круглосуточный режим работы.

По всем осложнениям связанными с прохождением паводкового периода, обращаться в отдел по ЧС района по телефону 2-14-69, или 101.

А.СУМСКИЙ,
старший инженер ОЧС, майор гражданской защиты

Игі істер жолында



Жоқ-жітімге, жарлы-жақыбайға қол ұшын беруге, қамқорлыққа зәру жандарға қайырымдылық акцияларын ұйымдастыруға, әр адамның қолынан келетін бір игі іс жасауға арналатын Ұлыстың ұлы күні қарсаңындағы 17-ші наурызында аталып өтетін игі істер күні ауданымыздың еріктілері дархандық жасады.



«Үзілмес үміт» еріктілер тобының мүшелері игі істер күні қарсаңында қаржылай қаражат жинады. Жиналған қаражатқа ауданымыздың тұрғындары көп балалы ана мен зейнеткер әжемізге азық-түлікке толы әлеуметтік пакет және сый-сияпаттарын табыстады. «Үзілмес үміт» еріктілер тобының мүшесі Асхат Мұқашев елімізге келген індеттің алдын алуда қорғандық сақтық шараларымен таныстырды. Азық-түлік толы пакетті қолдарына алған тұрғындарымыз еріктілерімізге алғыстарын білдіріп, ақ баталарын берді.

Бұл еріктілеріміздің жыл басынан жасаған игі бастамаларының басы да, соңы да емес. Қолдан келсе кез-келген жанға қамқорлығын көрсетуге дайын «Үзілмес үміт» еріктілер тобын құраған жастарымыз барда өмір жарқын, келешегіміз кемел боларына сенеміз.

Б.ЖАКЕШОВА

Мейірімділік - асыл қасиет

Мейірімділік - адам бойындағы ең жоғарғы асыл қасиет.

Ондай қасиет барлық адамның бойынан табыла бермейді. Осындай мейірімді жандар біздің арамызда бар. Сол адамның керемет қасиетін біле тұра, біз оны дұрыс бағаламаймыз. Бізге ұстазымыз мейірімділік, адамгершілік пен кішіпейілділік жайлы күнде айтып отырады.

Менің түсінігімше мейірімділік - адамның өзге біреуге жылылығын, ізгі ниеті мен жылы лебізін білдіруінің көрінісі. Ме-

йірімділік адамдар арасындағы сыйластық, кең пейілділік, жанашырлық, ізгі ниет секілді қасиеттерге негізделеді. Мейірімділік адамның жоғары адамгершілік белгісі ретінде оның бүкіл тыныс-тіршілігін, жан дүниесін жадырататын, шат-шадыман тіршілігі үшін қажетті қасиеттің бірі болып саналады. Қазақтың дәстүрлі әдеп жүйесінде мейірімділік адамдар арасындағы адамгершілік, ізгілік пен ізеттілік, иман-



дылық пен инабаттылық секілді асыл қасиеттермен үндестік тапқан. Ж.Баласағұн «кір тигізбей ұста ойының өресін, мейірім етсең - мейірімділік көресің» деп, мейірімділікке зор мән берген.

**Милана БИГАШЕВА,
Көкпекті орта мектебінің
2 «а» сынып оқушысы**



Әз-Наурыз

*Күнмен түн теңелді,
Халқым бір жадырап
кенелді.
Нар дала құлпырып,
Жыл жорға жүйткіп
жөнелді.*

*Әз-Наурыз осы ортаға келіп қалды,
Тау болып үйілген қар кетіп қалды.
Шатмана, қуанышпен көрісер күн,
Қазақтың жеріне міне жетіп қалды.
Көктеммен келді жырын алып,
Табиғат-ананың сырын алып.
Әже наурыз көже дайындауға,
Қазанға салды ет-сүрін алып.
Кең көсілген Еділ мен Жайық,
Көгілдір айдын бетінде мың қайық.
Әз наурыздың мейрамында,
Халқыма менің сый-сияпат лайық.
Құлпыра өсіп тұр бәйшешек,
Сезімді түйдектеп байлау үшін.
Іздеген гүлім, наурыз-шешек,
Бой жеткен қызға сыйлау үшін.*

*Қараңғы мен жарық теңелді,
Жыл жорға жорта жөнелді.
Әз-Наурызды жұрт ұлықтап,
Ел қуанышпен қауыша кенелді.
О, жұртым, бері келіңіз,
Батамды берейін, алыңыз!
Ұлыс оң, ақ мол болсын,
Уайым-қайғы жоқ болсын!
Жылымыз жылдарға жалғассын,
Қара ниет мысын ақ ниет бассын.
Ел-жұртымыз амандықта болып,
Бақ-дәулетіміз асқан үстіне ассын.
Арман - ардақ, бөріктей биік болсын,
Таудың басында ойнағаны киік болсын.
Арайлап атқан таң күншуақтанып,
Жұрттағы жаман ниет күйік болсын.
Көңіл шіркін, шапандай кең болсын,
Оңымыз бенен солымыз тең болсын!
Біліміміз бен ғылымымыз асқақтап,
Тәрбие-іліміміз ағынды сел болсын!*

**Мақсұтхан АҚЫШТЕГІ,
Қарағанды қаласы**



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Ұлттық руханияттағы шығыстық дәстүр

Шығыс халықтарының, оның ішінде түркі дүниесінің тарихы мен мәдениеті, әдебиеті мен өнері қазақ елінің рухани әлемімен ежелден тығыз байланыста екендігі белгілі. Бізге жеткен рухани мұралар, әсіресе, қазақ халқының фольклоры мен ежелгі жазба әдебиетінде шығыстық көрі-

ністер мен түркілік сарындар көптеп кездеседі. Қазақ әдебиетінің қайнар бұлағы болып табылатын көне түркі әдеби жәдігерлерін зерттеуге арналған құнды еңбектер баршылық. Орхон мен Енисей өзендерінің бойында жатқан “Күлтегін”, “Тоныкөк” және “Білге Қаған” сынды тасқа жазылған батырлық дастандардың көшірмесі (тасқа қашалған) біздің елге жетуі әрі әдебиетіміз бен тарихымыздан мықтап орын алуы қуантарлық жайт.

Бұл рухани асыл қазыналарымыз жалпы түркі халықтарының ортақ мұрасы екендігі дәлелденген. Ең бастысы – қазақ әдебиетінің түркі тілдес халықтарымен ортақ болып келетін ежелгі дәуірі мен қазақтың өзіндік төл әдебиеті арасындағы көркемдік дәстүр жалғастығы бар.

Ежелгі Шығыс поэзиясы мен қазақ әдебиеті арасындағы байланыс сан ғасырлық тарихы бар, бір-біріне етене араласып жатқан рухани жәдігерлер болып табылады. Халық даналығы тудырған асыл қазынаны зерттеу – бүкіл қоғамдық ой-сананы қайта құрып жатқан тұста қазақ әдебиетін зерттеушілердің қосқан үлесінің зор екенін аңғартады.

Бүгінгі таңда көркем сөз өнерінің ғажайып үлгілері болып табылатын Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік», Ахмет Иүгінекидің «Ақиқат сыйы», Ахмет Иассауидің «Даналық кітабы» және Сүлеймен Бақырғанидің «Бақырғани кітабы» т.б. кітаптарды оқып, естіп қазақ ақын-жыраулары поэзиясындағы дидактикалық-шешендік толғаулары мен мақал-мәтелдердің қайнар бастаулары ежелгі түркі дәуірінің көркем сөз өнерінде жатқандығына көз жеткіземіз.

Ақын-жыраулар түркі дәуірінің шайырларына қарағанда ел

қамы қоғамдық-әлеуметтік өмір-тіршілігіне белсене қатысып отырды. Сонымен қатар жеке адам мен отбасы, отбасы мен қоғам, қарапайым халық пен ел билеген басшылар арасындағы қарым-қатынасты өздері өмір сүріп отырған дәуірдің адамгершілік қағидаларын “адам қандай болмақ керек” деген міндетті ұстанған толғаулар болды. Сыпыра жырау, Асан Қайғы, Шалкиіз, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар, Шал, Дулат, Махамбет, Абай, Шәкәрім, Шәді т.б. сияқты дарынды ақын-жыраулар шешендік-дидактикалық сарынға құрылған поэзия үлгілерін қазақы ұғымға сай наным-сенімге лайықты пішінге енгізіп жетілдіре түсті.

XV-XIX ғасырлардағы қазақ ақын-жырауларының поэзиясы дидактикалық сарындағы түркі әдебиетінің жалғасы ғана емес, сонымен бірге, қазақтың өзіндік төл әдебиетінің бастауы болатын-ды. Бұл дәуір ақын-жыраулары өз толғауларында бүкіл қазақ қауымының атынан сөйлеп, елдің мүддесі, халық тағдырын жырлады. Өздерінің өсиет сөздерін қара мен ханға қатар айтып болашақ үшін күрес халықтың мүддесіне сай болу керектігін өз шығармаларында насихаттап отырды. Олар поэзияны бұқара халықтың игілігіне, дүниеге деген кө-

зқарасын қалыптастыратын күшке айналдырып отырды.

Шығыс классикалық поэзиясындағы үлгілі болған тұстар қазақ ауыз әдебиетінде және жазба әдебиет өкілдері, жыраулар поэзиясының өкілдерімен қоса кейініректегі ақындар да болды. Бір сюжетті бірнеше ақын өзара жарысып, шеберлік сынасып, жырлай беретін дәстүр қалыптасты.

Қазақ арасына Шығыстан келген қисса-дастандарды тақырыптық, идеялық-көркемдік ерекшелігіне, мазмұнына қарай шығыстанушы ғалым Өтеген Күмісбаев төрт топқа бөліп қарайды: «Біріншіден: махаббатты, ізгілікті, достықты, жақсылықты жырлайтын дидактикалық лирикалық қисса-дастандар.

Бұларға: “Ләйлі-Мәжнүн”, “Жүсіп-Зылиха”, “Мұңлық-Зарлық”, “Таһир-Зуһра”, “Бозжігіт” т.б. енеді.

Екінші діни бағыттағы дастандар: “Сал-сал”, “Сейт-Баттал”, “Жүмжұма”, “Зарқұм” т.б. енеді. Үшінші топқа қиял-ғажайып, фантастикалық: “Шаһнама”, “Абулхарис”, “Абулшахма”, “Шәкір-Шәкірат”.

Төртінші батырлық, ерлікті жырлайтын романтикалық сарындағы “Рүстем Дастан”, “Ескендір”, “Қисса баһрам” т.б. [1, 11].

Негізінен, Шығыс сюжетіне құрылған, бірақ қазақ әдебиетіне әбден сіңісіп кеткен әрі қазақ фольклорымен ұштасып жататын қисса, дастандар көптеп кездеседі. Мысалы: “Ләйлі-Мәжнүн”, “Фархат-Шырын” дастандары мен қазақ лиро-эпосы қазыналарының бірі “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” арасында да заңды байланыс, әуендік сарын бар.

Махаббат тақырыбы қай кезде де жырланып келген. Бұл – мәңгілік тақырып. Осы арада академик жазушы Мұхтар Әуезов: «Қозы Көрпеш-Баянның» махаббаты іштен туа болған делік, мұнысы Шығыстың атақты махаббат жыры Ләйлі-Мәжнүннің сүйіспеншілігіне ұқсайды. Бұл дүниеде қоспаған соң екеуі де ол дүниеде қосылады» [2, 181], - дейді.

Демек, шынайы махаббатты көрсете білетін шығыстық танымы мол туындылар халықпен бірге жасап келеді. Сонымен қатар, ежелден келе жатқан батырлық дастандар да ел қорғауға аттанған ел азаматтарының ерлігін жырлай білді.

Олардың көпшілігі Бұқара, Ташкент, Хиуа мектеп-медреселерінде оқып, мұсылмандық білім алып, Шығыс әдебиетінің түпнұсқасымен танысуға мүмкіндік алады. Соның бірі – Шораяқтың Омары (1878-1924) он бестен астам дастан жазған ақын. Шығыс поэтикасының көркемдік құралдарын жақсы меңгеріп, соны өз шығармаларында пайдалана білген.

Абай Шығыс шайырларының жырларын жоғары бағалап, ұлы сөз зергерлерін өзіне ұстаз тұтты.

Физули, Шәмси, Сайқали, Науаи, Сағди, Фердауси, Қожа Хафиз-бу хаммаси Мәдет бер Шағири Фарияд.

Шығыс ақындары жаңа ғана өнер жолына түскен жас Абайға даналық пікірлерімен, терең ойларымен, нәзік сырларымен қатты әсер еткен еді. Шәкірт Абай кезінде Рудаки, Омар Хаям, Хафиз, Сағди ғазалда-

рын ынтыға оқыды. Бұлар бала Абайдың ойын оятып, оны адалдық пен парасаттылыққа, адамгершілік пен жақсылыққа, сұлулық пен нәзіктікке талпынуға баулыды [6, 71].

Шығыс жұлдыздарының шығармашылығымен таныс Абай жырларының өзекті тақырыбы – адамның қоғамдағы ролі еді. Абай өзінің ұлы ұстаздарының сол саладағы ой-толғауларын зор шеберлікпен дамыта түседі. Қазақ ақыны да надандыққа іштей жаны күйіп, оқушысын ақыл-парасатқа шақырады. Бірі парсы мен түркі, бірі қазақ тілінде жазылған ақындардың ой-пікірлері өзара ұштасып жатқандай көрінеді.

Шығыс әдебиетінің үлгілерін Абай ой елегінен өткізіп барып, оны шеберлікпен игерді. Абайдың махаббат лирикасындағы шығыстық сарындарды сөз етсек, кезінде Абай оқыған мектеп-медреселерде суфизм сарынындағы Қ.А.Иасауи, Сүлеймен Бақырғани, Сопы Алляяр сияқты ақындарды оқыту басымдық болғандығы белгілі. Негізінде Абай суфизм бағытындағы ақындардан гөрі Низами, Науаи, Физули, Сағди, Хафиз секілді ұлы шайырлардың жырларына көбірек үңіліп, солардан үйреніп отырды. Және оны қазақтың ұғымына сай етіп жырлады.

Түйіндеп айтқанда, қазақтың табиғи болмысы, тарихы мен шежіресі, әдебиеті мен мәдениеті өзінің түп-тамырын, бастау-бұлағын сонау шырайлы Шығыстан алды десек, ешкімнің дауы бола қоймас. Құпиялы Шығыс, айбынды Азия, көне Түркі әлемі бірігіп, өркеніеттің алғашқы қазығын қағып, бүкіл жер жүзіне үлгі-өнеге етті.

Ендеше, қазақ руханияты да сол алыптардың бөлінбес бір бөлшегі екендігін әдебиетшілер әйгілеп, тарихшылар дәлелдеп жатқандығы да айдай анық.

**А.ТАЙМАҒАНБЕТОВА
Андрейникова
негізгі мектебінің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі**



Қансонарда бүркітші шығады аңға...

Жүйрік ат ерттеп мініп, құмай тазысын ертіп, иығына берен мылтық асынып, қолына қыран бүркіт қондырып саятшылық құрар аңшыларымыздың саны бүгінгі күні некен-саяқ. Сол себепті де мереке қарсаңында босағада қалған ұлттық өнерімізді ұлықтап, жастарға өнеге болсын деген ниетпен саятшылық пен аңшылық жайында әңгіме өрбітпекпіз. Қазақтың дәстүрлі өнеріне жататын спорттың бұл түрімен айналысатын аңшыларымыз ертеректе ел алдында сыйлы, беделді адамдар болған. Оларды халықты тамақпен қамтамасыз етуші, асыраушы ретінде таныған. Ал бүгінгі күні тіршілік қамы үшін емес, ұлттық өнердің бағасын түсірмеу жолында жүрген жерлесіміз Жарас Досов саятшылықтың қыр-сырымен бөлісті.

Қансонарда бүркітші шығады аңға,

Тастан түлкі табылар аңдығанға.

Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет,

Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға, - деп хакім Абай аңшылық өнердің тіл жеткізгісіз құдіретін осылай жеткізген еді. Ал, бүгінгі күні ата жолымен келе жатқан аңшылық өнер жастарымызға қаншалықты түрде дәріптелуде? Бұл сұраққа саятшылыққа бала күнінен қызығушылық танытып жүрген Жарас Тұрсынұлы аңшылық өнердің қолдаушылары аз дейді.

Кейіпкеріміз Баянауыл өлкесінен ауданымызға қоныс аударып келген екен. Азын-аулақ төрт түлігін жайғап, ел қатарлы өмір сүріп отырған отбасы ұлттық өнер жанашырлары. 87 жастағы Тұрсын Досов атамыз тыл ардагері, Балқия Досова апамыз ұлттық салт-дәстүрімізді жастарға ұлықтап жүрген ардақты әже. Әсел Канапина жеңгеміз бен Жарас Досов ағамыздың шаңырағы берекеге толы. Себебі, сый-құрмет көрсетер ата-аналары жандарында. Ал, ата-анасын сыйлаған жанға Апланың берер өз сыйы бар.

Саятшылықты бала күнінен жанына серік ете білген кейіпкеріміздің «Ақбет» есімді бүркіті баянауылдық досының берген сыйы екен. Ұшар құз басына ұя салатын бүркіттің балапанын сыйға алған Жарас Тұрсынұлы оны баптап, бағып, қолға үйретіпті. «2 жасқа келген яғни тір-



нек бүркітті баптау – бәйгеге тұлпар дайындағанмен тең» дейді кейіпкеріміз. Адамның қос жұдырығымен бірдей салмақта күнәра таза шикі етпен тамақтанатын қыран құстың аңшылық, сайыстар алдында жасалатын бабы мүлдем басқа көрінеді.

- Еттің қаны шыққанша суда ұстап «Ақжем» беріледі. Осылайша бүркіттің кеудесіндегі май клеткалары ашылады. Сондай-ақ қоян жүнді уқалап-уқалап кішкене көлемдегі дөңгелек жасалып, бүркіттің көмейіне тығылады. Бұл «қоян түсіру» деп аталады. Осы арқылы бүркіттің іші тазартылады. Бүркіттің жем қалтасы қоянның жілігін де қорытып жібереді. Және де бүркіт үш жұмыртқа ғана салады. Оның екеуі ғана аман қалады. Ұрғашысы – ұябасар, еркегі -

шәуіл деп аталады. Ұябасар әлді болып келеді. Менің қолымдағы таза бүркіт. Ол балапанын әр түрлі жерге салады. Бір ұя салған жеріне келесі жылы жұмыртқа салмайды. Бүркіт 4 саусақты болып келеді. Оның артқысы «тегеуріні», ішкісін «жем басар», ортаңғысын «сығымы», шеткісін «шеңгелі» деп атайды. Бүркіт өз жемтігін артық «тегеурін» арқылы қысып, мықтап ұстайды, - дейді.

«Құс бағу да бір қызық, құс салу да бір қызық» демекші, атадан балаға мұра болып келе жатқан саятшылық өнерді сақтап, дәріптеп жүргендерді ауданымыз төңірегінен табу қиынның қиыны. Ал қазіргі күні ат, бүркіт, итпен емес, қаруын асынып, қар үстінде жүретін арнайы көліктерге мініп аңға

шығушылар көбейіп кетті. Бұл кәсіптің түрі болар, өнерге жатпайды деген кейіпкеріміздің айтуы бойынша «аңға қызығушылықпен, сүйіспеншілікпен шығу керек. Біздер қашып құтылған аңға тиіспей кетеміз, ал арнайы көлікке мінгендер аң жеткізбеген сайын қуалай түседі. Аң аулаудың өз жөн-жоралғысы, аулайтын және ауламайтын кездері болады. «Берінің төңірі, аңның киесі бар» деген осыдан шыққан.

«Жердегі аң патшасы – арыстан болса, аспандағы құс патшасы – бүркіт» демекші, қолдағы құс 10 жасқа келгенде босатылатын көрінеді. Себебі табиғаттың заңына сәйкес ол да сыңарын кезіктіріп, ұя салып, балапан басуы қажет. Және де бүркіттің жыл сайын жүні, тырнақтары жаңартылып отырады. Сол уақытта бұл құс түлекке отырады. Қанаттарындағы ескі жүндерін жұлып тастайды. Қасына арнайы дала тасы қойылады. Бүркіт сол тасқа жаңадан өсіп шыққан тырнағын егелеп белгілі бір ұзындығын шығарып үшкірлейтін көрінеді.

Уақыт өз өзгерісін жасағанымен, ата дәстүрді ұрпағының кеңірек біліп, оны күнделікті тіршілігімен сабақтастыра білген Жарас Досов ағамыз артынан ерген ізбасарына, інілеріне үйретуден жалықпайтындардың бірі. Бүркіт баптап қана емес, тазысын сайлап, сұңқарын бәйгеге қосып жүрген ағамыздың ұлт қамы үшін жасап жүрген азаматтық қызметін қадір тұтамыз. Ағамыздың күшік кезінен аңшылыққа арнап өсірген Ұшар,

Сарықыз, Хан есімді үш тазысы бар. Әрқайсының арнайы құжаты жасалған. Олардан туған күшіктерді аңшылыққа, ат спортына қызығушылығы бар жастарымыз алып жүрген көрінеді. Ал, тазы итке аңға шығардың алдында құрт сорпа беріліп, жүгіруін жеңілдетуге арналған шаралар жасалады екен.

- Бүгінде ат спортына, саятшылық өнеріне қызығушы жастарымыз көп. Соларға қолдау болса. Ауданымызда ат спортына қатысты сайыстар өткізетін алаңдар тұрғызылса, қандай керемет болатын еді. Дүниеге нәресте келгенде қаншама қыруар қаражатқа мән-мағынасы жоқ той жасағанның орнына көкпар, теңге алу, аударыспақ сынды ойындарды ұйымдастырсақ көрер көзге қуаныш емес пе?! Көктем шыға ат спортына қатысты ұлттық ойындардың сайыстары басталады. Біздің ауданда ондай додалар аз өтетіндіктен, сырт жақтарға шығып жатамыз. Жоғары жақтағы ағаларымыздан ат спортына қолдау болса қатысамын, үйренемін деуші жастар көп, - дейді Жарас Досов.

«Жігітте де жігіт бар, азаматы бір бөлек» демекші, ата дәстүрін ұлықтап жүрген біздің бүгінгі кейіпкеріміздің қолдаушысы болса қолға алар ісі көп. Сөзіне ісі жарасқан Жарас ағамыз сынды ұлттық өнерге жанашыр азаматарымыз бар, енді осы мақтаулы ерлерімізге қолдаушылар табылса екен дейміз.

Б.ЖАКЕШОВА
Д.Торжановтың суреті



Наурыз – праздник весны и обновления

Наурыз - это один из самых древних праздников в мире. Народы Центральной Азии отмечают его уже более 5000 лет.

Наурыз – день весеннего равноденствия. В этот день на всей поверхности Земли (исключая районы земных полюсов) день почти равен ночи.

Он является государственным праздником в Казахстане, Кыргызстане, Узбекистане, Турции, Туркменистане, Таджикистане, Иране, Азербайджане, Албании, Афганистане, Иракском Курдистане, Индии и Македонии. Отмечают его на «местном уровне» в Татарстане, Башкортостане, Китае и даже Японии. С 2010 года Наурыз объявлен национальным праздником в Грузии.

Наурыз в переводе с фарси означает «новый день».

В древности Наурыз праздновали от 6 до 13 дней, и эта традиция сохранилась в современном Иране, где этот праздник продолжается 13 дней.

В 2009 году ЮНЕСКО включила праздник Наурыз в Репрезентативный список нематериального культурного наследия человечества. В 2010 году Генеральная ассамблея ООН приняла резолюцию под названием «Международный день Науруз».

Традиционным угощением в праздник Наурыз является на-

урыз көже, которое готовится из 7 ингредиентов. Однако, нет одного единственного правильного рецепта наурыз-көже. Но есть обязательные составляющие: вода, мясо, соль, злаки.

до празднования дня весеннего равноденствия принято прорастивать зерна пшеницы. Пророщенные зеленые ростки подают на стол на подносе вместе со сладостями, зажжен-



Есть поверье, что если постеть коже досыта, следующий год будет плодосным. А если отведать его в семи домах, год принесет удачу.

В Турции за две-три недели

ными свечами и крашеными яйцами (как на православную Пасху). А в Азербайджане на праздничный дастархан ставят пищу, состоящую из семи блюд, при этом название их должно

начинаться с буквы «с». В Узбекистане на Наурыз женщины готовят традиционное блюдо – сумалак. В огромном котле медленно помешиваются пророщенные зерна пшеницы, которые постепенно превращаются в густую тягучую коричневую массу. Во время действия женщины напевают народные песни о весне и празднике Науруз.

Жители западного Казахстана отмечают Наурыз с 14 марта и начинают его с красивого обряда «көрісу». В этот день люди обходят родственников, соседей, друзей, чтобы поздравиться и справиться об их самочувствии после долгой зимы. При кочевом образе жизни казахов пережить зиму благополучно было большой удачей, и весной люди обязательно обходили родных и знакомых, чтобы узнать, как у них дела. Также в праздник көрісу нужно попросить прощения у тех, кто на тебя в обиде, и простить тех, на кого сам в обиде. Все это делалось для того, чтобы начать новый год, то есть Наурыз, с чистого листа.

В Казахстана есть второе название этого праздника – Ұлыстың Ұлы күні, что означает «Великий день для всего народа».

В Наурыз проводятся масштабные народные гуляния. Обязательными развлечениями считаются национальные игры и забавы: кыз куу, алтыбақан

құру, национальные танцы, көкпар и другие. Считается также, что накануне Наурыза следует возвращать долги, прощать обиды и оставлять все неприятности в старом году. Чтобы вступить в новый год обновленным, нужно перед праздником очистить дом, избавиться от ненужных вещей, разобрать хлам и завалы.

На данный момент дополнительно неизвестно, откуда появился праздник Наурыз. Есть лишь несколько предположений.

Если на праздник Наурыз выпал снег, это считается хорошей приметой.

В древности Наурыз начинали с того, что все жители выходили встречать рассвет.

В Казахстане начиная с 1926 года было запрещено праздновать Наурыз. Лишь в 1988 году Мухтар Шаханов написал письмо первому секретарю ЦК КП Колбину, в котором просил возродить этот праздник. Текст письма содержал следующие строки: «Геннадий Васильевич, декабрьские события оставили раскол между двумя нациями. Казахи на вас смотрят с презрением. Если вы можете возродить праздник Наурыз, то все казахи будут смотреть на вас уже другими глазами». Колбин пообещал убедить Горбачева. С этого года Казахстан начал снова праздновать Наурыз.

Подготовила Т.КУРБАНОВА



Никто не забыт, ничто не забыто!
**Вспоминая ветеранов
 Великой Отечественной:
 Евгений Одинцов
 и Иван Безъязыков**

В этом году празднуется 75-летие Победы. Наши ветераны - на их судьбу выпала нелегкая доля, им довелось участвовать в Великой Отечественной войне, своей кровью защищать от врагов родную землю.

Хочется сказать огромное спасибо нашим ветеранам за победу, за их мужество и стойкость.

Вспоминая ветеранов поселка Г.Мустафина, ушедших в мирное время, предоставляя биографические данные для читателей районной газеты, хотелось поделиться рассказом о двух участниках Великой Отечественной войны - Одинцове Евгении Николаевиче и Безъязыкове Иване Дмитриевиче, которые бок обок воевали в составе Белорусского фронта.



вертого мая победоносного 1945 года войска вошли в немецкий город Тутбус. Страшную, жестокую и кровопролитную войну Евгений Николаевич Одинцов закончил в городе Штеттине в войсках 7-го эксплуатационного полка.

Е.Н.Одинцов был награжден медалями «За оборону Москвы», «За освобождение Варшавы», «За взятие Кенигсберга», «За победу над Германией», «За боевые заслуги». Супруги Одинцовы вырастили двух сыновей и дочь.

Ветеран Иван Дмитриевич Безъязыков был призван на фронт 2 февраля 1944 года Тельманским РВК Карагандинской области. Служил в составе 1-

сотрудниками музея по патриотическому воспитанию подрастающего поколения. Проводятся мероприятия: уроки мужества, исторические часы, на стационарных и передвижных выставках широко представляются материалы о героических подвигах наших ветеранов.

Г.КУЛЬМАГАНБЕТОВА,
 сотрудник
 районного историко-краеведческого музея
 п.Г.Мустафина

На фото: И.Безъязыков; 9 мая 1985 года ветераны войны из п. Токаревка, ст.Нуринская, казсельхозтехники.

Е.Н.Одинцов начал службу в рядах Красной Армии в молодое время – по возрасту, служба проходила в 1-м отдель-

ного Белорусского фронта, в должности стрелка-автоматчика. Был награжден медалями



ном железнодорожном батальоне, который входил в состав железнодорожных войск. Начало Великой Отечественной войны встретил в городе Барановичи, на Западном фронте Евгений Николаевич провоевал два года. Пятого мая 1944 года полк, в котором он служил, вошел в состав 2-го Белорусского фронта, а войска родного Западного фронта пошли дальше на запад, продолжая громить гитлеровцев, освобождая села и города. Войска 2-го Белорусского фронта, которым в то время командовал Маршал Советского Союза Рокоссовский Константин Константинович, упорно, с ожесточенными боями, двигались вперед к намеченной цели – к Победе. Чет-

«За победу над Германией», «За боевые заслуги», «Маршала Г.Жукова», орденом Отечественной войны.

Из воспоминаний дочери Ивана Дмитриевича Галины Ивановны: «Отец родился 15 августа 1926 года. Он никогда подробно не рассказывал про войну. После армии около 20 лет жил в Белоруссии, там и женился. Родились две дочери. Сестру мою назвали Еленой. В 1955 году приехали в Тельманский район. Иван Дмитриевич работал в Токаревском поселковом совете, с 1970 года по 1997 год возглавлял пожарную часть №16. Оттуда вышел на пенсию. Скончался в 2006 году».

Большая работа проводится

Букет для милых дам

Лучший подарок – сделанный своими руками. Любая работа, выполненная своими руками, несёт положительную энергетику, ведь она хранит тепло рук мастера, согревает сердце и душу.

В Белагашской школе прошла акция «Букет для милых дам». В рамках акции учащиеся изготовили букеты тюльпанов из гофрированной бумаги.



Яркие весенние цветы вручались милым дамам. Особое внимание было уделено старшему поколению, тем, кому за семьдесят.

Среди них - Раиса Павловна Миних, Багира Дюсембековна Шайкенова, Анна Сембиевна Никитенко, Надежда Семеновна Авласенко, Минибике Хисамиевна Зайдуллина и, конечно, наша долгожительница Ирина Ивановна Эйхольц, которой в эти весенние дни исполнилось 90 лет.

С пожеланиями душевного богатства, крепких сил и доброго здоровья учащиеся поздравили Ирину Ивановну и вручили на память подарок.

М.САЙДАЛИНА,
 старшая вожатая
 Белагашской СШ

На фото: И.И.Эйхольц и участники акции.

**Финишируют
 зимние виды спорта**

Лыжная подготовка имеет особое значение для здоровья человека. Ходьба, катание на лыжах на чистом воздухе укрепляет организм, формирует правильное дыхание и развивает мышцы. Она очень полезна для здоровья, так как включает в работу все мышцы, развивает выносливость, ловкость, чувство равновесия, является эффективным средством активного отдыха и закаливания.

В Белагашской школе уделяют особое внимание физическому здоровью и укреплению спортивного духа учащихся. В зимнее время в школе ежедневно проходят массовые катания учащихся на лыжах.

5 марта прошли очередные соревнования по лыжным гон-

кам, посвященные закрытию сезона зимних видов спорта и «Году волонтера-2020». В мероприятии принял участие аким Белагашского сельского округа Амиров Рахат. С его добрых пожеланий и наставлений и начался старт.

Хотелось отметить учащихся начальных классов за

их упорство и целеустремленность к победе. Ребята участвовали в соревнованиях впервые. Первенство одержал Рудольф Эргарт, на 2 месте Данил Подшивалов и 3 место - Тимофей Иванов.

Среди учащихся 5-6 классов 1 место занял Сергей Виноградов, 2 место - Андрей Кульков и на 3 месте Владислав Пархоменко.

Среди учащихся 7-8 классов отличный результат показал Дэвид Эргарт, обогнав своих соперников на круг, на втором месте Қонырат Жеңіс и на третьем месте Фархад Сайдалин.

Среди учащихся 9-11 классов первенство одержал Григорий Когайчук, он обогнал соперников на 3 круга. На втором месте Купсер Яков.

Ученица 6 класса Яна Цмыкал - единственная участница среди девочек. Яна, ни в чем не уступая мальчишкам, целеустремленно шла к финишу, заняла первое место, награждена медалью и грамотой.

Все призеры соревнований были награждены медалями и грамотами.

Как говорят ребята, самое главное участие, а еще, что провели время с пользой для здоровья и хорошего настроения.

М.САЙДАЛИНА,
 учитель
 физической культуры
 Белагашской СШ



(Айтбай Сәулебектегінің «Қасиетті қала» атты кітабынан үзінді).
Күн батқан мезгіл. Жүмекен тыстағы ұсақ-түйек шаруаларын реттестіріп үйге енгенде, балалары мен немерелері жапатармағай теледидар алдында отыр екен. Бір сәт экран бетіндегі өзімен құралыптас, ақбуырыл шашты ақсақал өлеңдете жөнелді:
Сен құрметте оны,
Түсіндің бе, қарағым?
Ол ақшаға сатқан жоқ,
Тізден кесіп аяғын.
Еріккеннен де ұстап жүрген жоқ,
Қолтықтағы ұзын таяғын.

Осылайша қазақтың «дәл өзіндей қарапайым» өлеңі теледидар көрермендерін бірте-бірте өзіне қарай баурап бара жатқандай. Ғажайып әуен Жүмекеннің көз алдына қан майданды елестетсе, енді бір мезет адамгершілік атты асыл қасиеттердің иіріміне тартты.

- Ата, мен бұл өлеңді жатқа білемін. Әдебиет оқулығынан тез арада есіме сақтап, апаымнан бес алған болатынмын.

Жанына келіп, еркелей тіл қатқан немересінің балдай тәтті осы бір ойы Жүмекенді селт еткізді.

- Өзің тіпті көп нәрсені түсініп қалыпсың-ау, құлыным. Бұл өлеңді сенің жадында мәңгі сақтарыңа сенімдімін. Әрі бұл қылығыңды түсінемін де. Міне, мен қырық бірінші жыл, мына балдақты серік етіп келем. Бірақ біле-білсең, мұның да жаны бар. Мұның да өмірі, қуанышты, мұңды сәттері, ең қажеттісі – адам жанын селт еткізуге жарайтын іңкәр сезімі бар. Өйткені, бұл – менің қолдау-шым. Сүрінгенде – сүйенерім, адасқанда – ақылшым бола білген досым.

Сырт қараған адам Жүмекеннің жүрекжарды сөздерді қалайша көзіне жас алмай, күлімсіреген күйде өңгімелегеніне таңданар еді. Өйткені, адамның ішкі жан-сарайының толқынысын сезу - кез келген адамның еншісіне тие бермеген қасиет қой. Барлап қарасаңыз, адамның бақытсыздыққа ұшырай тұра мықтылық, батылдық танытуының өзі ерлік іске тепе-тең емес пе?

Асылы, адамның кей сәтте көше бойлап келе жатып, ойламаған жерден сүрінуге қандай тез болса, қателесу де сондай жылдам, сондай оңай болса керек. Бірақ басты міндет - сол жіберген кемшінің қайта бас көтеруіне мүмкіндік туғызбау, адамның өз-өзіне есеп беріп, өзін-өзі тәрбиеленуінде.

Өмірден көп нәрсені ұғынып, зердесіне тіршілігіміздегі жұмбақ боп көрінетін іс-қимыл, қарекеттердің сырын түйе білген Жүмекеннің қайраттылығы, пайымды парасаты бізді қайран қалдырды. Осы бір кішкентай ғана, ба-

уырсақ мұрынды, орта бойлы соғыс ардагерінің адамшылығы – қазағымның ақбас Алатауындай биік екен. Оның өмірдегі көрген қиыншылығы мен тауқыметі қандай көп болса, қазіргі сәттегі өмір жолынан туындап отырған зейнеті де аз емес.

Қарақұдық өңірінде туып-өсіп, бүкіл өмірін шағын ауданның өсіп-өркендеуіне арнаған ардагер ағаның артағы жарқын ізіне, салған соқпағына бағдарлай қарасақ, өзімізге мүлдем беймәлім, жұмбақ болып көрінетін көп жайттың сырын ұғынамыз. Жүмекен өзінің өмірі жөнінде білгісі келген адамға алдымен әңгімесін сонау колхоздастыру кезінен бастайды. Ол кездері қазіргі «Көктал» ауылы «Тегісілдік» болып аталатын. Иә, қазақ халқының тарихында өзінің рақымсыздығымен, аяусыздығымен аты жазылған жұт жылында ол он бес жастардағы мурты тебіндеген бала еді. Қазір сол шақты есіне түсіре, бір нәрсеге таңданады. Жалғыз өзі 25 шақырым жердегі Қарағандыдан жұрттың хаттарын жаяу таситын. Сонда ешқандай шаршамаған сияқты. Өлде, заманы солай ма екен? Ал қазіргі жастар 25 шақырым тұрмақ, бес шақырым жерге бару үшін «техника қажет» дейді.

Бірде, әлі есінде аудан орталығына колхоз төрағасына ілесіп атпен барды. Бастық қайтар жолда үн-түнсіз отырды. Шаршаған ба, әлде біреу ренжіткен бе дерсің.

- Таптым, - деді колхоз бастығы екі қолын шапатап. Бұл аң-таң, Үлкен кісінің айдалада балаша қуанғанына жол болсын?

- Балақай, ертеңнен бастап ауданға оқуға барасың. - Қайсысына, аға? - ХТЗ-ға.

«Бұнысы несі тағы да? Жаңадан ашылған оқудың түрі ме екен?» Көңілі тыным табар емес.

- Атын тарихта қалатын болады, бала. Ауданға сау-сақпен санарлықтай ғана «ХТЗ» дейтін Харьковтен трактор келеді. Соны басшылар бізге бөліпті. Бітті, оқисың.

- Аға-ау, мен ештеңе білмеймін ғой?

- Молчать! - Төраға айқайлап жіберді. - Кім анасының құрсағында жатып, бәрін оқып, тоқып шыққан деп ең? Суворовтың қандай сөзді жек көргенін білесің бе? Өй, бала-ай, сен Суворовты білмейді екенсің-ау. Суворов деген орыстың атақты әскери қолбасшысы болған. Сол «білмеймін» деген сөзді өте жек көріпті дейді. Қай нәрсені болса да білмеймін деме, тек ынта, ықыласың жетсе болғаны.

Ертесіне оқуға аттанды. Алты ай ішінде ХТЗ-ны мең-



геріп шықты.

Алғаш тракторды ауылға мініп келгенде, ел-жұртқа «құбыжық» иесі болып көрінгені бар.

- Ойбай, әлгі оқуға кеткен бала бір темірді солқылдатып, мініп кепті.

- Түрі құбыжық секілді. Біз білмейтін сиқыры бар өзінің.

- Несін айтасың. Жер жыртады екен. Қарақұдықтың ерке атаулысын оқуға алып кетеді дейді ғой.

Ауыл іші күбір-сыбыр. Көріпкелі бар, болжампаздар, данагөйлердің аузынан шыққан мың сан алуан сөз үрген иттердің дауысынан да асып түсіп жатты. Өйтсе де жұрт ХТЗ-ны көп ұзамай-ақ «құбыжық» емес, үлкен жаңалықтың жаршысы ретінде қабылдады.

ХТЗ. Осынау алғашқы тракторды Жүмекен өмір бойы ұмытқан емес. Олай етуге хұқы да жоқ сияқты. Өйткені, онымен аянбай тер төкті. Бітік егін өсіруге үлес қосты. Адамдардың өміріне қуаныш сыйлай білді. Сондықтан да ол өзін сол кезде Харьков трактор зауытына қарыздармын деп есептеген.

Жүмекеннің өмірінде әдейі шебер қолмен жасаған әдемі мүсіндей рухани ләззат беретін ерекшелік бар. Оның мәнісі мынада - 1942-жылдың 7-қыркүйегінде майданға аттанғанда Харьков облысына топ етіп түспесі бар ма? ХТЗ-мен қазақ даласында кездессе, тағдыры харьковтіктермен алапат соғыс ішінде жолығуды бұйырыпты. Жиырмадан асқан жігіттің қан майданда қалай шайқасқанына II-дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордені және бірнеше медальдер куә. Бір аяқты Харьковте қалдырып, 1943-жылдың аяғында елге оралған соң да Жүмекен ауыл шаруашылығы саласында тынымсыз еңбек етті. Шүкір, бұл күндері ұл-қыздары жеке отау көтерген. Кішкентай қолқанаттары - немерелері атасы мен әжесінің сүйіктілері.

Мана теледидар алдында отырып, қалың ойдың құшағымен есік алдына шығып кеткенін өзі де сезбей қалыпты. Айналаны қараңғылық басыпты.

«Тыныштық! Саған жетер не бар екен? Бақыт дегенің өзі де сенсің - тыныштық. Дүние тап-таза, мөл-мөлдір қалпында тыныш қана ағып жатқан өзендей мүлгіп тұра берсе... Онда ешкім азап көрмес еді. Қаз төгілмес еді, бала жыламас еді, әйел қауымы жесірлік азабын тартпас еді ғой. Мен сені сүйем, тыныштық! Дүние-ай, дәл осындай момақан, нұрлы бейнеңді сүйем».

Жүмекен тебіреніп кетті. Ішкі жан дүниесіндегі асыл бір сандығы ашылып кеткендей. Қымбат қазынасы бұлақ боп сылдырап, сарқырап ағып жатқан сияқты.

- Ата! Есікті сәл ашып тұрып, немересі айқай салды.

- Ата! Әжем шақырып жатыр.

- Қазір, құлыншағым. Міне, бара жатырмын.

Орта бойлы соғыс ардагері Жүмабек Оспанов балдағын сытырлатып, үйіне тақай түсті.

Айнала жым-жырт. Тыныштық. Көк жүзіндегі күлімкөз жұлдыздар ғана жымың-жымың етіп тұр.

Г.ДҮЙСЕМБЕК,
Қарақұдық ауылдық
кітапханасының кітапханашы

«Өткенге көз жіберсең»

Міне, бірер жұмадан кейін көктемнің жылы лебін алып, жауһазын гүлін құлпыртып, жер бетіне күннің шуағын шашып 8-Наурыз - ақ жаулықты әжелер мен аналар мерекесі есік ашпақ. Осы мерекеге орай мен өз ауылдастарым апалы-сіңілілі Нәзкен мен Әйкен Әбілдиналармен кездестім.

Бұл кездесу кездейсоқ емес еді. Олай дейтінім, бұл азаматшалар осы өңірдің қырын да сырын да білетін байырғы тұрғындар. Осы жердің тумалары әрі осы жерге еңбегі сіңген ел азаматы болмаса да, оларға теңдес қазақ қыздары.

Нәзкен - 1950 жылы, ал Әйкен болса 1952 жылы үлкен бір әулетте дүниеге келген.

Әкелері Әбілдин Қайырбек -1906 жылы Солтүстік Қазақстан облысында туған. Руы-Керей. Аналары Бикен әже 1917 жылы дүниеге есігін сол маңда ашқан. Сонау аласапыран 1934 жылы осы екі асыл жан отау құрып, Қарағанды қаласына қоныс аударған. Сол жылдары көмірлі қаламыз жаңа ашылып, шахталарға жұмысшылар алып жатқан кез болатын деп еске алады Әйкен. Сол жылдары № 8-9 шахталарына Қайырбек ата да тіреуші ретінде жұмысқа орналасады. Осы жұмысты атқарып жүрген кезде шахтада апат болып, өкеміз ауыр жарақат алды. Дәл осы 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталған жыл. Өкемізді майданға жарамсыз ретінде әскерге алмады, алайда шахтада істеуге жарамсыз болды. Сонымен Әбілдиндер отбасын шахта арқылы қазіргі Қарақұдыққа қарайтын,бұрын Энгельс совхозына қараған «Балмағамбет» деп аталған жерге 4 км қашықтықта орналасқан № 2 ауылға шопан ретінде жібереді. Онда шахта арқылы ұйымдастырылған қой фермасы болған.

Бұл ферма тек қана шахтерларға арналған емес еді. Ол қазандай қайнап жатқан майданға жіберілетін қой етін, қойдың жүнінен қолғап, шұлық тоқып, сүтінен брынза істеп жіберіліп отырылды. Отбасында 8 бала

бар, қой фермасының отар-отар қойын бағу барлығы осы жалғыз жанұяның мойнында болды. Қыста ақ қар, көк мұзда Қайрекең қойшы болса, бұған жалғыз көмекші болған әрі от-ошағының иесі болған Бикен әже еді. Бұл кісі әйел болғанымен механизмдерден хабардар болатын. «Ол уақытта электр жүйесі жоқ. Шам тек қана қозғалтқыш арқылы жанатын. Сол қозғалтқыштың тілін мамам ғана білетін еді дейді Айкен. Қой бағу оңай шаруа емес. «Өсіресе қой төлдеу мезгілі, оларды жылына екі мезгіл қыру үлкен науқан болатын» - дейді. Сол сұрапыл жылдары отардан шашау шығармай қой бағып, әрі әрбір жүз аналықтан 100-101 қозы алып шығу екі адамға жалғанның тозағы емес пе? Міне, сол қан майдан жылдағы тыл майдангерлері Қайрекең ата мен Бикен әженің еңбегін Отаны зор бағалаған. Оның айғағы - Нәзкен мен Әйкеннің көздерінің қарашығындай сақтап келген ата-анасының медальдары мен марапат қағаздары, социалистік жарыста жеңімпаз атанған куәліктері т.б. 1941-1945 жылдарда ерен еңбектері үшін, 1950-1960 жылдарда тың игеруге қатысқан медальдары мен Бикен ананың «Батыр ана» ордені. Батыр ана тек қана өз балаларын бағып-қағып өсірген жоқ, оның қарамағында Қайрекеңнің інілері де тәрбиеленді. Міне, осылай бел шешпей түн ұйқысын төрт бөліп, жеңіс үшін деген ұранмен жұмыс атқарған. 1959 жылы Бикен апа дүниеден озды. Артында аңырап ақсақалы, оң-солын білмеген бес бала қалды.

«Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» демекші, ендігі ауыртыпалық баланың ең үлкені Нәзкенге түсті. Ол анасын жоқтатпай, әкесіне қолғанат, барлық өзінен кішілерге қамқор бола білді. Үй жұмысы, сабақ дайындау - Нәзкен бәріне үлгерді. Соғыстан кейін қой фермасы Энгельс (Үштөбе) совхозына қарасты болды. Қайрекең сыңарынан айрылған аққудай болса да, балаларының қамын ойлап жүрді. Осы совхоз орталығынан саманнан үй салды. Оның ойы - осы балаларымен ешкімнен кем болмаса екен деген ой болды. Сөйтіп, зейнеткерлікке шыққаннан кейін осы Үштөбе ауылына көшіп келдік дейді Әйкен. «Осы жерде кілең неміс халқы тұратын, соллардың ортасында ұш-ақ қазақ жанұясы тұрдық» - дейді. Олардың бірі - Ұлы Отан соғысының ардагері, сол сұрапыл жылдары бір қолынан айрылып, мүгедек болып елге оралған Көшкінбаев Төлеген және тыл майдангері Қ.Аханов болатын.

- Барлығымыз бір көшеде көрші болып тұрдық. Сол кезде кішірек-кішірек үш көше болатын. Садовая, Центральная және жаңа салынып жатқан Октябрьская көшесіндегі үй өкеміздің салып беріп кеткен үйі, -деп көзіне жас алды. «Осы ауыл көз алдымда жылдан-жылға жасарып, көркейіп келеді. Тұрғындардың барлығы жергілікті ұлт халқы. Егерде сол соғыс жылдары небәрі 1000-ға жуық тұрғындар болса, бүгінгі таңда ауылымызда 4500 халық тұрады. Әлеуметтік жағдайлары жақсарған, мұң-мұқтажсыз ашық аспан аясында өмір сүреді»-дейді Әйкен.

Кешегі жалаңаяқ жар кешкен, аянбай еңбек еткен тыл ардагері Қайрекең 90 жасында дүниеге салды. Балаларына шамасы келгенше барлық жағдайды жасап кетті. Оларды адал еңбекке, ұйымшылдыққа, бауырмалдылыққа, қайырымдылыққа, адалдыққа баулыды. Осылай өмір сүріп, өкінішке орай, балаларының қызығын көрмей кетті. «Артында бар оңалар» демекші, Әбілдин Қайырбектің артында қалған ұрпақтары сол кісінің өмірінің жалғасы, әкесінің борышын ақтай білген азаматтар. Нәзкен көп жылдар бойы совхозда есепші болып қызмет атқарды. Отбасының ұйытқысы әр балаларының үлкен анасы ретінде саналады. Әйкені медучилищені бітіріп, ақ халатты абзал жандардың қатарында көп жыл бойы медбике болып, адамдардың жан жылуына бөленді. Бұл күнде екеуі де зейнеткер. Ұлдары Рамазан мен Лау темір тұлпарды меңгеріп, ақарлы-шақарлы үй болды, ауылдың сыйлы азаматтары. Қайрекеңнің ең кішкентай шөбересінің атын Нәзкен мен Әйкен Әбілқайыр деп қойған. Олардың көздегені Әбілда аталары мен Қайырбек әкесінің аттары өшпесін деп алдыңғы әріптері «Әбіл» мен «Қайыр» деп екеуін қосып Әбілқайыр деп атау. Атаның ең кенже қызы Роза Қарағанды медицина институтын бітіріп, педиатр мамандығы бойынша көп жыл бойы Гиппократтың антын толық ақтаған жан - зейнеткер. Қайрекең ата мен Бикен әже өмірден озса да армандары орындалған. Артында өшпес із қалдырған тыл және ауыл ардагерлерінің есебінде мәңгі ұмытылмас тізімде есімдері жаңғырып тұр. Ал Нәзкен мен Әйкен, сіздердің денсаулықтарыңыз мықты болып, туыстарыңыздың ортасында бақытты, баянды ғұмыр кешіңіздер!

С.БАЙДІЛДИНОВА,
Үштөбе ауылы

Жарқын тұлға

Әр ел - бір кітап



“Бір ел - бір кітап” республикалық акциясына таңдалып алынған Әнуар Әлімжановтың “Ұстаздың оралуы” ауызша журналы шарасын мына бір көрініс ашты:

- Өткен іс - сағыныштың қайнар көзі екен, егер лайы жоқ, мөлдір болса, қиял арманыңды үнемі қанаттандырып отырады екен. Сезіміне кіршік түсірмей, сұлуландыра береді екен.

- Біздің махаббатымыз сағыныштың қайнар көзі болмады ма? Осынша салқындық қайдан келген саған? Анаң бауырына басып, әлдилемеп пе еді? Әке мейірімді бол демеп пе еді? Екеуіміз кездеспегелі айдың қаншама жұмасы өтті десеңші. Махаббат құпиясы - қасиетті құпия деп өзің айтпап па едің.

- Дұрыс айтасың. Махаббат деген кейде көзсіз болып кетеді. Көзсіздік - ақыл ойдың қас жауы. Дала дейсің, осы Бағдаттан басқа елде де біздің өлкеге ұқсас жер табуға болады ғой. Ғылым мұхиты - шексіз. Білім болса - ақыл - ойдың өмірлік серігі, ол ешқашан опасыздық етпейді. Тек жаңадан қосылған білім біліміңді толықтыра, жаңғырта, өзгерте түседі.

- Мен сені іздей-іздей шаршадым. Қасыңда біраз бола тұрайыншы!

- Дұрыс айтасың, Бану, сен іздеуден шаршасаң, мен күтуден шаршадым. Мойындамасқа енді еш лажым жоқ. Күн ұясына батқанша дейін серуендейікші. Бану-

жан, неткен сұлу едің, сипатың қандай табиғи еді, ажарың қандай ашық. Мен сені күтемін.

Жан тебіренер әуен аясында “Ұстаздың оралуы” романының бірінші томынан үзінді сомдаған мәдениет үйінің қызметкерлері Жоламан Қошжанов пен Бақытгүл Советова ғажайып сәттерді көз алдымызға алып келді. Жиналған жұрт олардың өнеріне ризашылықпен қол соқты.

“Сүйер ұлың болса - сен сүй” аудандық кітапханалық жоба аясында кітапхананың оқу залында Әнуар Әлімжановтың “Ұстаздың оралуы” романының бірінші, екінші тараулары бойынша ауызша журнал өтті.

Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай “Ұлы баба ұлағаты” атты кеші ашық деп жарияланып, Әл-Фараби туралы бейнебаян жұртшылыққа ұсынылды. “Әл Фараби - өркениет философы” деректі фильмі көрсетілді.

Деректі фильмді тамашалау барысында білімге, ізденуге деген құштарлықтың жетелеуімен оның жас шағында, дүниедегі құбылыс біткеннің бәрі кісіге әрі ғажап, әрі таңсық көрінетін кезде саяхат жасап, сол замандағы мәдени өлемнің көптеген орталықтары Хорасанда, Бағдатта, Дамаскіде (Шам), Алеппада, Каирда (Мысыр) болғанын, өмірінің көп жылдарын араб халифатының саяси және мәдени орталығы болған Бағдатта өткізгенін, мұнда ол өз білімін әбден тиянақты меңгеріп, толықтырғанын, көрнекті ғалымдармен байланыс жасап, өзінің білімдарлығы, ақылының алғырлығы және асқан байсалдылығы арқасында көп ұзамай олардың арасында үлкен абырой-беделге ие болғанын естіп, білдік. Ал енді әл-Фарабидің антика дәстүрімен байланыстылығын, осының арқасында оның Аристотельден кейінгі “Екінші Ұстаз” атанып, даңққа бөленгенін, әл-Фараби жастайынан-ақ ұлы Аристотельдің, Платонның, ерте дүниедегі Грецияның басқа да философтарының шығармаларымен түп нұсқасынан танысқаны жөнінде де ақпарат алдық.

Бір халықтың емес, барша адамзаттың алдына білім шамшырағын жаққан, артына мол мұра қалдырған, қазіргі уақытта орны одан сайын арта түскен ғұлама Әл-Фараби жайында кітапханаларды дамыту бөлімінің әдіс-

кері Майгүл Асқарова көптеген қызықты деректер берді.

Әл-Фарабиге батыс пен шығысты мойындатқан ғұлама, екінші ұстаз деген атақтар берілген екен. Өнер мен білім жолын таңдап алған, адаспаған бабамыз әлемді мойындатып, тарихымызда оның есімі алтын әріптермен жазылып қалған.



Шараға орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Айгүл Жексембаева, Гүлнафис Түспекова, ауданымыздың сыйлы азаматтары Төкен Арбабаев, Мұрат Исабаев, Қ.Шыныбектегі, №1 қазақ тірек мектебінің жоғары сынып оқушылары қатысты.

“Әл-Фараби - даналық дінгеі” атты виртуалдық викторинаға белсене қатысқан Аида Тұралықова, Жансая Ибраева, Аружан Кәрібаева, Әділхан Төлегеновке кітапхана атынан естелік сыйлықтары тарту етілді.

Шара соңында Айгүл Мұқарамқызы шараға келген қонақтарға алғыс айтып, ауданымыздың азаматтары Мұрат Ойдашұлы, Қалиасқар Шыныбек көрермендер мен ұйымдастырушыларға алғыс айтып, кештен алған әсерлерімен бөлісті.

Қ.АХМЕТОВА

Ж.Макишевтың суреттерінде: кеш қонақтары; викторина жеңімпаздары.

Аналар – асыл қазынам

Елтай орта мектебінде 5 «а» сынып оқушыларының ұйымдастыруымен «Ананың алақаны балаға айдынды қоныс» атты мерекелік кеш өтті.



Кешімізге біздің оқушыларымыздың ардақты аналары жүздері бал-бұл жанып келді. Шәмші Қалдаяқовтың сөзіне жазылған «Ана туралы жыр» әнін хормен жырлап бастадық, ақындардың өлең жолдарын оқып, қыздарымыз би билеп, ұлдар қауымы «КТК» көрсетті.

Аналарға арнап қызықты ойындар өткізілді. Ананың баласына деген махаббаты шексіз екеніне тағы да көзіміз жетті. Қаншама баланың ішінен көзін жұмып өз баласын тапқан аналар көп болды. Кеш соңында оқушылардың әкелері, ағалары ұйымдастырып алып келген сыйлықтарын оқушылар тарту етті. Мереке қарсаңында оқушылармен бірге аналарға керемет көңіл-күй сыйладық деп ойлаймыз. Аналар бізге өздерінің рахметтерін айта отырып, жылы лебіздерін білдірді.

Кез келген адамның әдептілігі мен жан дүниесінің сұлулығы ең алдымен балаға ақ сүтін беріп, әлпештеп өсірген ана жүрегінің жылуынан басталады. Бала бойындағы ең жақсы қасиеттер бізге алдымен анадан тарайды. Ананың нәзік үні, жұмсақ аялы алақаны, жан жылуы бізді әлдилеп жұбатады.

Мерей ЕРЛАНҚЫЗЫ,
Елтай орта мектебінің 5 «а» сыныбының сынып жетекшісі
Доскей ауылы

Армандарым көп менің

Жыр дәптерінен

*Армандарым көп менің,
Ер жетемін, өсемін.
Ұстаз болғым келеді,
Ұлағатты, ұлықты.*

*Аспазшы болғым келеді,
Ақ батаға мол батқан.
Ісмер болғым келеді,
Өнер тамған саусақтан.*

Шұғыла мен Шарадай.

*Жалпы арманым көп менің,
Үлкен боп өсіп келемін.
Арманым бұйырса,
Алла жазса жетермін.*

*Тіс емдегім келеді,
Маман болып білікті.
Полиция болғым келеді,
Сендіре алар жүректі.*

*Күйші болғым келеді,
Халықты өзіме қаратқан.
Биші болғым келеді,*

Жаңбырбай БАЛҒЫН,
Көкпекті орта мектебінің
2 «а» сынып оқушысы

Ұлы ақынға тағзым

Биыл қазақтың ұлы ойшылы, ғұлама ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы еліміздің барлық өңірлерінде аталып өтіп жатыр.

Абай - қазақтың ұлы ақыны. Қазақ халқы үшін қайталанбас тұлға. Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы - халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Абайдың сөзі - қазақтың бойтұмары.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Менің балаларым мен ертеңгі ұрпағым Абайдан артық, Абайдан ұлы, Абайдан киелі ұғым болмауға тиіс» - деген тұжырымды сөзі ұлы ақынның тағылымдарының болашақ үшін өміршеңдігін айқындап

тұрғандай.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» мақаласы негізінде мектеп оқушыларын ұлы ойшыл Абайдың мұрасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу мақсатында Ақтөбе орта мектебінде «Ұлы ақынға тағзым» атты 5-8 сынып оқушылары арасында Абай өлеңдерін мәнерлеп оқу сайысы өтті.

Сайыс үш кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде сайысшылар Абай өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқыды. Екінші кезеңде Абай өндері мен күйлерін нақышына келтіріп орындады. Үшінші кезеңде Абайдың қара сөздерін жатқа айтып берді.

Оқушылар сайысқа жан-жақты, тыңғылықты дайындықпен келді. Сайыс өз мәресіне жетті. Жауқазындай жапырақ жайып келе жатқан жас жеткіншектер жанған оттай лаулап, жасын отындай жарқырап Абай өсиеттерін орындауға даяр екенін көрсетті.

Сайыс қорытындысы анықталып, әр кезең бойынша 1, 2, 3 орын иеленген жеңімпаздар дипломдармен марапатталды. «Көзімнің қарасы» әнін шырқаған оқушылар мен ұстаздар қауымы сайысты көтеріңкі көңіл-күйде тәмамдады.

Ділде САҒЫНДЫҚОВА,
Ақтөбе орта мектебінің
11-сынып оқушысы



Усиление защиты прав личности

11 января 2020 года вступил в законную силу Закон РК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты РК по вопросам совершенствования уголовного, уголовно-процессуального законодательства и усиления защиты прав личности» (далее - Закон), которым предусмотрены нормы по усилению ответственности за бытовое насилие.

Указанные нормы, в первую очередь, направлены на защиту граждан, подвергающихся насилию в сфере семейно-бытовых отношений и реализуют поручения Президента, отраженные в Послании народу Казахстана от 2 сентября 2019 года.

Так, статья 110 (Истязание) Уголовного кодекса (далее - УК) переведена из дел частного к делам частно-публичного обвинения. Это позволит полиции, а не самой потерпевшей, собирать и предоставлять суду доказательства вины семейного тирана.

Также усилена санкция части 2 статьи 110 УК сопряженная с применением истязаний в отношении беременных женщин, находящихся в беспомощном состоянии, несовершеннолетних и других путем повышения нижнего порога лишения свободы с 3 до 4 лет.

В Кодексе об административных правонарушениях (далее - КоАП) усилена санкция за противоправные действия в сфере семейно-бытовых отношений по статье 73

КоАП с 3-х до 5 суток административного ареста.

Введен самостоятельный специальный состав правонарушения по фактам умышленного причинения легкого вреда здоровью (статья 73-1 КоАП) и побоев (статья 73-2 КоАП), совершенных в сфере семейно-бытовых отношений, с введением в санкциях этих статей ареста (15 и 10 суток соответственно) и исключением штрафов как неэффективной меры наказания.

Справочно: согласно Закона «О профилактике бытового насилия», семейно-бытовые отношения – отношения между супругами, бывшими супругами, лицами, проживающими или проживавшими совместно, близкими родственниками, лицами, имеющими общего ребенка (детей).

Предупреждение введено в качестве альтернативы штрафу, поскольку он ложится нагрузкой на общий семейный бюджет.

В то же время, суд с учетом личности правонарушителя и обстоятельств дела может предупредить либо сразу же наложить арест.

При повторном совершении этих правонарушений в течение года санкции статьи 73 предусматривают арест до 20 суток (без предупреждения). По ст.73-2 КоАП за побои - до 15 суток (без предупреждения).

Усилены формы полицейского контроля за поведением семейных дебоширов. Так, расширены полномочия суда на установление особых требований к поведению правонарушителей за совершение бытового насилия.

Теперь суд на основании статьи 54 КоАП вправе самостоятельно (ранее только по ходатайствам участников производства или полиции) запретить правонарушителю:

- 1) вопреки воле потерпевшего разыскивать, преследовать, посещать потерпевшего, вести устные, телефонные переговоры и вступать с ним в контакты иными способами, включая несовершеннолетних и (или) недееспособных членов его семьи;
- 2) приобретать, хранить, носить и использовать огне-

стрельное и другие виды оружия;

3) несовершеннолетним посещать определенные места, выезжать в другие местности без разрешения комиссии по защите прав несовершеннолетних;

4) употреблять алкогольные напитки, наркотические средства, психотропные вещества.

Срок действия таких запретов составляет от 3-х месяцев до 1-го года.

Также, введен отдельный состав административной ответственности за нарушение особых требований к поведению правонарушителя (часть 2,3 и 4 статьи 669 КоАП «Неисполнение приговора суда, решения суда или иного судебного акта и исполнительного документа»).

При этом, за неисполнение установленных требований к поведению, усилена административная ответственность с 5-ти до 7 суток.

Кроме того, предусмотрена ответственность за повторное нарушение этих требований, по которому будет назначено наказание в виде ареста до 10 суток (ст.669 КоАП).

Ужесточены требования к примирительным процедурам.

Предусмотрено, что лица, впервые совершившие административные правонарушения, по статьям 73 (Противоправные действия в сфере семейно-бытовых отношений), 73-1 (Умышленное причинение легкого вреда здоровью) или 73-2 (Побои) КоАП могут быть освобождены только судом от административной ответственности, если они примирились с потерпевшими, заявителями, в том числе в порядке медиации, и загладили причиненный вред.

Ранее административное дело в обязательном порядке прекращалось в случае примирения на любой стадии производства, что исключало возможность установления к правонарушителям особых требований к поведению.

Управление полиции

Азаматтық қызметкердің бос орнына орналасуға конкурс туралы хабарландыру

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары:

A1-3 – мектеп директоры, A-1-3-1 - бөбекжай-бақшасының директоры.

Білімі - жоғары немесе жоғарыдан кейінгі (педагогикалық, сала бойынша) білім беру саласында немесе білім беру ұйымында немесе басшылық лауазымдарында, білім беру саласына сәйкес ұйымдарында бес жылдан кем емес жұмыс өтілінің бар болуы.

Санаты	Лауазымдық жалақысы еңбек еткен жылдарына байланысты	
	бастап	дейін
A1-3	153200	185751
A-1-3-1	145136	176493

100400, Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Ботақара кенті, Қазыбек би көшесі, 60 А, «Бұқар жырау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі азаматтық қызметкердің бос орнына орналасуға конкурс жариялайды. Анықтама үшін телефон - 21311, факс – 21143, электрондық мекенжай: buharjirau_roo@mail.ru.

1. Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы әкімдігінің «Ақөре орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры, орналасқан жері: 100402, Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Ақөре ауылы, Первомайская көшесі, 6 - 1 бірлік.

2. Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы әкімдігінің «Кузнецкий жалпы білім беру орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры, орналасқан жері: 100419, Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Тоғызқұдық ауылы, Школьная, 23 - 1 бірлік.

3. Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы әкімдігінің «Бұқар жырау негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры, орналасқан жері: 100406, Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Бұқар жырау ауылы, Школьная, 14 - 1 бірлік.

4. Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы әкімдігінің «Жаңаталап орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры, орналасқан жері: 100427, Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Жаңаталап ауылы, Школьная көшесі, 21 - 1 бірлік.

5. Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы әкімдігінің «Краснонива негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры, орналасқан жері: 104433, Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Красная Нива ауылы, Школьная көшесі, 1А - 1 бірлік.

6. Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы әкімдігінің «Шалқар негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры, орналасқан жері: 100406, Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Шалқар ауылы, Нижняя көшесі, 23 - 1 бірлік.

7. Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы әкімдігінің «Ленин жалпы білім беру орта мектебі» коммуналдық

мемлекеттік мекемесінің директоры, орналасқан жері: 100434, Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Самарқанд ауылы, Ленинская көшесі, 35 - 1 бірлік.

8. Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы әкімдігінің «Жалпы білім беру №1 Қазақ орта мектебі» (ресурстық орталық) коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры, орналасқан жері: 100400, Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Ботақара кенті - 1 бірлік.

9. Самарқанд ауылдық округінің әкімі аппаратының «Ясли-сад «Аққу» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорының директоры, орналасқан жері: 100434, Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Самарқанд ауылы, Ленин көшесі, 39А - 1 бірлік.

10. Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Ботақара кенті әкімі аппаратының «Балдәурен» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорының директоры, орналасқан жері: 100400, Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Ботақара кенті, Абылай хан көшесі 36 - 1 бірлік.

Функционалдық міндеттері: жалпы орта білім беру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жұмыстарын ұйымдастыру. Білім берудің мемлекеттік стандарттары негізінде әзірленген бағдарламалар мен жоспарлар бойынша мектептердің оқу-тәрбиелік іс-әрекетіне бақылау жасау, мектеп жұмысын басқару және тікелей өкілетті органға бағынады. Жұмыс жоспарын және бағдарламасын бекітеді. Жалпы білім беру заңдарына сәйкес балаларға жалпы міндетті білім беру өзінің белгіленген учаскесінде қамтамасыз етеді. Ғылыми-әдістемелік материалдық-техникалық жабдықтау жұмысын оқу-тәрбие процесінде жетілдіреді, ұйымдастырады. Қазіргі уақытқа сай ақпараттық технологиясының дамуын қамтамасыз етеді. Құқықтық лицензияға сай оқушылар және тәрбиеленушілер әлеуметтік қорғанысының қалыптасуына әсерін тигізеді. Оқушылар (тәрбиеленушілер) және оқу орны жұмыскерлердің білім беру орнында денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Нормативтік талапқа сай оқу-материалдық деректерін тіркеу, толықтау және сақтау, ішкіаралық еңбек қағидалары үшін жауап береді.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

1. Жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білім;

2. Педагогикалық жұмыс өтілі кемінде бес жыл, оның ішінде басшылық лауазымдағы жұмыс өтілі кемінде бір жыл, шағын жинақты мектепте педагогикалық жұмыс өтілі кемінде үш жыл, басшылық лауазымдағы жұмыс өтілі талап етілмейді;

3. Бірінші немесе жоғары біліктілік санатының және (немесе) «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «шебер-педагог» санатының болуы (мемлекеттік қызметшілерді, ЖОО және әдістемелік қызмет қызметкерлерін қоспағанда);

4. «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6697 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

5. Соттылығының жоқ екені туралы анықтама.

6. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Заңдар «Білім туралы», «Қазақстан Республикасы Тілдері туралы», «Қазақстан Республикасы балалардың құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі, «Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңдарын білу және тағы басқа.

Конкурсқа қатысу үшін келесі құжаттар тапсыру қажет:

1. Білім беруді басқару органы басшысының атына тұрғылықты тіркеу орны, нақты тұратын жері, байланыс телефондары көрсетілген конкурсқа қатысуға өтініш;

2. Жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3. Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттың көшірмесі;

4. Еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

5. Кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ және фото;

6. Ескертпелер мен көтермелеулерді көрсете отырып, бұрынғы жұмыс орнынан өндірістік мінзедеме;

7. Біліктілік санаты және ғылыми дәрежесі туралы құжаттың көшірмесі (болған жағдайда);

8. «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6697 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

9. Соттылығының жоқ екендігі туралы анықтама;

10. Тестілеуден өткендігі туралы анықтама (болған жағдайда);

11. Мектепті дамытудың перспективалық жоспары.

Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын құжаттардың көшірмелері жұмыс орнының кадр қызметі немесе білім беру ұйымының жауапты қызметкері тарапынан куәландырылады және мөрмен куәландырылады. Сонымен қатар үміткерге қандай да бір өзіндік жетістігі мен дәрежесі туралы ақпаратты комиссияға ұсынуына болады.

Конкурс: Қазақстан Республикасының ғылым және білім министрінің 2012 жылы 21 ақпанда №57 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік орта білім беретін мекемелерінің басшыларын конкурстық тағайындау ережелері» негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар осы хабарландыру жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының басшыларында («Бұқар жырау жаршысы» газетінде) жарияланған сәттен бастап, 7 жұмыс күннің ішінде көрсетілген мекенжай бойынша тапсырылуы тиіс.

Аталмыш лауазымға орналасқан тұлғалар үшін көтерме ақы шығындары, тұрғын үй және жеңілдіктер берілмейді.

«Бұқар жырау ауданының білім бөлімі» ММ

На службу по контракту

В нынешнее время число желающих проходить воинскую службу по контракту постоянно увеличивается, равно как и необходимость в укомплектовании Вооруженных Сил РК военнослужащими, имеющими опыт воинской службы и навыки профессиональной подготовки.

Отделом по делам обороны Бухар-Жырауского района Карагандинской области проводится отбор кандидатов на воинскую службу по контракту на должностях солдат и сержантов. Служить предстоит в воинских частях, подчиненных РГК «Астана»: в/ч 46298 г.Караганда, в/ч 31775 г.Караганда, в/часть 85510 г.Караганда, в/часть 36352 пос.Спасск, в/часть 06708 г.Приозерск, в/ч 18405 г.Приозерск.

Уверены, что среди молодежи есть желающие пройти воинскую службу по контракту и, возможно, найти свое призвание в армии, и тем самым принести пользу стране.

Желание пройти воинскую службу по контракту в должностях солдат и сержантов можно осуществить при условиях:

- кандидат должен быть гражданином Казахстана, не моложе 19 лет до 30 лет в приоритетном порядке из числа: водители категории ВС, механик-водители МТ –ЛБ, механики-водители БПМ-2, механики-водители Т2 трактористы, слесари по ремонту автомобильной техники,

сварщики, токари, электрики, мастер-токарь, фельдшеры, специалисты связи. Состояние на воинской службе в зависимости от воинского звания, как это установлено законом;

- кандидат должен пройти медицинское освидетельствование (на службу могут быть приняты лица с незначительными ограничениями).

На воинскую службу по контракту не могут быть приняты лица:

- признанные судом недееспособными или ограниченно дееспособными;

- имеющие заболевания, препятствующие исполнению обязанностей воинской службы в соответствии с заключением врачебной комиссии;

- отказавшиеся принять на себя ограничения, установленные законодательством РК.

Местными органами военного управления соблюдается строгий порядок отбора кандидатов и их поступление на воинскую службу по контракту в соответствии с Правилами прохождения воинской службы.

Контракт о прохождении службы заключается между кандидатом и командиром войсковой части на три года, пять, десять лет – до достижения предельного возраста состояния на воинском учете.

Привилегии и льготы, предоставляемые военнослужащим:

- военнослужащий по контракту пользуется всеми правами и свободами, которые гарантируются Конституцией и законодательством РК – с учетом ограничений, предусмотренных Законом РК «О воинской службе и статусе военнослужащих»;

- государство гарантирует социальную и правовую за-

щиту военнослужащих, обеспечивает необходимый жизненный уровень, надлежащие условия службы с учетом ее особого характера. Все военнослужащие равны перед законом, независимо от занимаемых должностей и воинских званий;

- ежегодно контрактникам предоставляется основной отпуск, отпуск оплачивается в размере двух окладов на оздоровление, во время отпуска сохраняется месячная заработная плата, также оплачивается компенсация за найм жилья на каждого члена семьи;

- при служебном перемещении из одной местности в другую выплачивается подъемное пособие в размере двухмесячного содержания на военнослужащего и половины содержания на каждого члена семьи;

- контрактники обеспечиваются вещевым имуществом, а по желанию взамен может выплачиваться денежная компенсация.

О пенсионном содержании. Оно положено отслужившим не менее 25 лет, достигшим предельного возраста или имеющим выслугу 25 лет и уволенным по сокращению штатов и состоянию здоровья. Уволенные по достижении предельного возраста могут иметь общий стаж 25 лет и более, если непрерывная воинская служба составляет не менее 12 лет 6 месяцев. За каждый год выслуги свыше 25 лет размер пенсии увеличивается на 2 процента, за каждый год трудового стажа – на 1 процент.

Граждан, изъявивших желание поступить на воинскую службу по контракту, просим обращаться в отдел по делам обороны Бухар-Жырауского района по адресу: п.Ботакара ул.Абылай хана, 31 тел: 2-18-49.

Отдел по делам обороны

Объявление о конкурсе на занятие вакантной должности гражданского служащего

Общие квалификационные требования ко всем участникам конкурса:

А1-3 - директор школы, А-1-3-1 - директор детского сада.

Высшее или послевузовское (педагогическое или по профилю) образование, стаж педагогической работы не менее пяти лет или стаж работы в организациях образования или на руководящих должностях в организациях, соответствующих профилю организации образования не менее пяти лет.

Категория	Должностной оклад в зависимости от выслуги лет	
	от	до
А1-3	153200	185751
А-1-3-1	145136	176493

Государственное учреждение «Отдел образования Бухар-Жырауского района», 100400, Карагандинская область, Бухар-Жырауский район, п.Ботакара, ул.Казыбек би, 60 А, объявляет конкурс на занятие вакантной должности гражданского служащего, телефона для справок - 21311, факс – 21143, электронный адрес: buharjirau_goo@mail.ru.

1. Директор коммунального государственного учреждения «Акоринская средняя школа» отдела образования Бухар-Жырауского района акимата Бухар-Жырауского района Карагандинской области, расположенное по адресу: 100402, Карагандинская область, Бухар-Жырауский район, с.Акоре, ул.Первомайская, 6, - 1 единица.

2. Директор коммунального государственного учреждения «Кузнецкая средняя общеобразовательная школа» отдела образования Бухар-Жырауского района акимата Бухар-Жырауского района Карагандинской области, расположенное по адресу: 100419, Карагандинская область, Бухар-Жырауский район, с.Тогызкудук, ул.Школьная, 23, - 1 единица.

3. Директор коммунального государственного учреждения «Бухар-Жырауская основная школа» отдела образования Бухар-Жырауского района акимата Бухар-Жырауского района Карагандинской области, расположенное по адресу: 100406, Карагандинская область, Бухар-Жырауский район, с.Бухар-Жырау, ул.Школьная, 14, - 1 единица.

4. Директор коммунального государственного учреждения «Жанаталапская средняя школа» отдела образования Бухар-Жырауского района акимата Бухар-Жырауского района Карагандинской области, расположенное по адресу: 100427, Карагандинская область, Бухар-Жырауский район, с.Жанаталап, ул.Школьная, 21, - 1 единица.

5. Директор коммунального государственного учреждения «Краснониевская основная школа» отдела образования Бухар-Жырауского района акимата Бухар-Жырауского района Карагандинской области, расположенное по адресу: 104433, Карагандинская область, Бухар-Жырауский район, с.Красная нива, ул.Школьная, 1А, - 1 единица.

6. Директор коммунального государственного учреждения «Шалкарская основная школа» отдела образования Бухар-Жырауского района акимата Бухар-Жырауского района Карагандинской области, расположенное по адресу: 100406, Карагандинская область, Бухар-Жырауский район, с.Шалкар, ул.Нижняя, 23, - 1 единица.

7. Директор коммунального государственного учреждения «Ленинская средняя школа» отдела образования Бухар-Жырауского района акимата Бухар-Жырауского района Карагандинской области, расположенное по адресу: 100434, Карагандинская область, Бухар-Жырауский район, с.Самарканд, ул.Ленинская 35, - 1 единица.

8. Директор коммунального государственного учреждения «Казахская общеобразовательная школа №1» (Ресурсный центр) отдела образования Бухар-Жырауского района акимата Бухар-Жырауского района Карагандинской области, расположенное по адресу: 100400, Карагандинская область, Бухар-Жырауский район, п.Ботакара, - 1 единица.

9. Директор коммунального государственного казенного предприятия «Ясли-сад «Аққу» аппарата акима Самаркандского сельского округа Бухар-Жырауского района Карагандинской области, расположенное по адресу: 100434, Карагандинская область, Бухар-Жырауский район, с.Самарканд, ул.Ленина, 39А - 1 единица.

10. Директор коммунального государственного казенного предприятия «Ясли-сад «Балдәурен» аппарата акима поселка Ботакара Бухар-Жырауского района Карагандинской области, расположенное по адресу: 100400, Карагандинская область, Бухар-Жырауский район, поселок Ботакара, улица Абылайхана 36 - 1 единица.

Функциональные обязанности: руководит деятельностью организации образования в соответствии с ее уставом и другими нормативными правовыми актами. Организует реализацию государственных общеобразовательных стандартов образования совместно с педагогическими и методическими советами. Утверждает план работы, рабочие планы и программы. Обеспечивает всеобщее обязательное обучение детей по закреплённому участку в соответствии с законом всеобщего. Организует и осуществляет научно-методическую и материально-техническую базу учебно-воспитательного процесса. Обеспечивает развитие современных информационных технологий. Содействует деятельности учительских (педагогических) организаций, методических объединений, детских организаций. Формирует контингент учащихся, воспитанников в соответствии с лицензией на право ведения образовательной деятельности, обеспечивает социальную защиту учащихся и воспитанников. Создает необходимые условия безопасности жизни и здоровья обучающихся (воспитанников) и работников организации образования во время учебно-образовательного процесса. Обеспечивает учет, сохранность и пополнение учебно-материальной базы в соответствии с нормативными требованиями, отвечает за соблюдение Правил внутреннего трудового распорядка, санитарно-гигиенического режима, охраны труда и техники безопасности.

Требование к участникам конкурса:

1. Высшее (или послевузовское) педагогическое образование;

2. Стаж педагогической работы не менее пяти лет, в том числе стаж на руководящей должности не менее одного года, в малокомплектной школе не менее трех лет педагогической работы, стаж работы на руководящей должности не требуется;

3. Наличие первой или высшей квалификационной категории, и (или) категорий «педагог-эксперт», «педагог-исследователь», «педагог-мастер» (за исключением государственных служащих, работников ВУЗов, методических служб);

4. Справка о состоянии здоровья по форме, утвержденной приказом исполняющего обязанности Министра здравоохранения Республики Казахстан от 23 ноября 2010 года №907 «Об утверждении форм первичной медицинской документации организаций здравоохранения» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под №6697);

5. Справка об отсутствии судимости.

6. Знание: Конституции Республики Казахстан, законов Республики Казахстан «Об образовании», «О языках в Республике Казахстан», «О правах ребенка в Республике Казахстан», «О борьбе с коррупцией», Кодекса «О браке (супружестве) и семье», «О государственных социальных пособиях по инвалидности, по случаю потери кормильца и по возрасту», «О специальных социальных услугах» и другие.

Для участия в конкурсе необходимо предоставить следующие документы:

1. Заявление на участие в конкурсе на имя руководителя органа управления образованием с указанием места регистрации, фактического места проживания, контактных телефонов;

2. Копию документа, удостоверяющего личность;

3. Копию документа государственного образца об образовании;

4. Копию документа, подтверждающего трудовую деятельность;

5. Личный листок по учету кадров и фото;

6. Производственную характеристику с прежнего места работы с указанием имевшихся взысканий и поощрений;

7. Копию документа об имеющейся квалификационной категории и ученой степени (при ее наличии);

8. Справку о состоянии здоровья по форме, о состоянии здоровья по форме, утвержденной приказом исполняющего обязанности Министра здравоохранения Республики Казахстан от 23 ноября 2010 года № 907 «Об утверждении форм первичной медицинской документации организаций здравоохранения» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под №6697);

9. Справку об отсутствии судимости;

10. Справку о прохождении тестирования (при ее наличии);

11. Перспективный План развития школы.

Копии документов, представленных для участия в Конкурсе, заверяются кадровой службой с места работы или ответственным работником организации образования и заверяется печатью. Также кандидат может предоставить на рассмотрение комиссии, какую-либо документальную информацию о своих достижениях или квалификации.

Конкурс проводится на основе: «Правила конкурсного замещения руководителей государственных учреждений среднего образования» утвержденных Приказом Министра образования и науки Республики Казахстан №57 от 21 февраля 2012 года.

Необходимые для участия в конкурсе документы должны быть предоставлены в течение 7-ти рабочих дней с момента публикации данного объявления, в местных средствах массовой информации (в газете «Бұқар жырау жаршысы») по указанному адресу.

Для лиц, занявших данные должности, подъемные расходы не оплачиваются, жилье и льготы не предоставляются.

ГУ «Отдел образования Бухар-Жырауского района»